«Көкжиек»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

Тасбөгет кенті, М.Шоқай 73/12
Тел.: +7777-453-61-87, +7707-451-94-89
e-mail:kokzhiek@mail.ru

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«Кокжиек»

Пос.Тасбугет, М.Шокай 73/12
Тел.: +7777-453-61-87, +7707-451-94-89
e-mail:kokzhiek@mail.ru

«27» ақпан 2018 жыл № 10

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысына

АРЫЗ

«Көкжиек» қоғамдық қоры 2018 жылдың 29.01–18.02 аралығында "Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып-алу порталына салған «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс» конкурс **№ 2244161-1** «Услуги по организации/проведению мероприятий в рамках реализации государственного социального заказа» жариялаған конкурсына қатысқан болатын.

Осы орайда, аталмыш конкурстың қорытындысы 2018 жылдың 23-ші ақпанында жарияланды.

Атап өтер болсам, конкурстық комиссия конкурс **№ 2244161-1** лот нөмірі **16419952-ГСЗ1** «Мүгедек балаларға қолөнер үйрету жұмыстарын ұйымдастыру» әлеуметтік қызметі» бойынша **«Конкурстық құжаттамаға сәйкессіздігі; Ұйым миссиясының және Тапсырыс берушінің салалық мамандануының сәйкессіздігі», «ҚР «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы қағидасының 233 тармақтың 3 тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің нақтылы жұмыс жоспары ұсынылмау себепті конкурсқа жіберілмейді.»** делінген.

Алайда, ұйым мақсатында (2 бап, 2.1 тармақша) былай делінген:

-«Табысы аз, әлеуметтік жағынан қорғалмаған **мүгедек балалардың** белсенділігі мен өзіндік әрекетін дамыту, психологиялық көмек көрсету, экономикалық, әлеуметтік, құқықтары мен еркіндігін қорғау» және (2 бап, 2.3 тармақша)

Бланк тіркелмеген жағдайда ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.